

Тексерілді!
Ақпан

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы

Ақпан айы 3 апта

Топ: «Аққайың» Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.02 – 21.02.2025ж **Апта дәйек сөзі: «Өнерлі бала өрге жүзер»**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау				
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p style="text-align: center;">«Өнегелі 15 минут»</p> <p>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Картотека № 4 «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың, сөздік қорын байыту.</p>	<p>Картотека № 7 «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.</p>	<p>Картотека № 9 «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.</p>	<p>Картотека № 11 «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Картотека № 13 «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					

Таңертенгіжаттығу	Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру. Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғыас	Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.				
ашылды, шашылды.	Жарқырап күнде Айналаға нұр Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз	Күлімдеген күн мейірімді! - Кіршіксіз ақ қар мейірімді! - Таза мөлдір су мейірімді! - Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!	Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын.	Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балала	Қол ұстасып, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз
Ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды серуендеуге және заттар арасында жүгіруге жаттықтыру; допты екі қолмен ұстап алу; төрт аяғымен жүру дағдысын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жүрудің әртүрлі қимылдарын жасап маршпен, аяқ ұшымен, өкшемен,	Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды серуендеуге және заттар арасында жүгіруге жаттықтыру; допты екі қолмен ұстап алу; төрт аяғымен жүру дағдысын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жүрудің әртүрлі қимылдарын жасап маршпен, аяқ ұшымен, өкшемен,	Музыка Педагог жоспары бойынша Бағдарлама: «Асыл мұра»	Қазақ тілі Тақырыбы: Электроника деген не? Мақсаты: Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін- қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету.	Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды тік нысанаға лақтыруға, гимнастикалық орындықта жорғалауға, екі аяқпен секіруге жаттығу. Күтілетін нәтиже: - Балалар нұсқаушының түсіндіріп көрсетуі бойынша негізгі жаттығу түрлерін

	<p>секіріп жүреді. Сапта жүріп келе жатып үш қатарға бөлініп тұрады. Теңеседі. Тілдік мақсат: Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижесі бойынша талқылауға қатысу - сұрақтарға жауап береді: ҰІӘ өткізілу барысы -сапқа тұрғызу -сәлемдесу 1 бөлім. Бағанда бір-бірден жүру; мұғалімнің белгісі бойынша балалар саусақтармен жүруге ауысады, қолдар бастарының артында; қалыпты жүру, қолды екі жаққа қарай ұстау; шашыраңқы жүгіріске көшу. Кезектесіп жүру және жүгіру. 2 бөлім. Доппен жалпы дамыту жаттығулары. 1. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тіреуі,</p>	<p>секіріп жүреді. Сапта жүріп келе жатып үш қатарға бөлініп тұрады. Теңеседі. Тілдік мақсат: Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижесі бойынша талқылауға қатысу - сұрақтарға жауап береді: ҰІӘ өткізілу барысы -сапқа тұрғызу -сәлемдесу 1 бөлім. Бағанда бір-бірден жүру; мұғалімнің белгісі бойынша балалар саусақтармен жүруге ауысады, қолдар бастарының артында; қалыпты жүру, қолды екі жаққа қарай ұстау; шашыраңқы жүгіріске көшу. Кезектесіп жүру және жүгіру. 2 бөлім. Доппен жалпы дамыту жаттығулары. 1. б.қ. - аяқтың ені</p>		<p>I.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! II.Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. 1.Шаң-тозанды сүймейді, Тазалап оны жүр дейді. (шаңсорғыш) 2.Бүкіл әлем ішіне сияр Аты оның ... (теледидар) 3.Біздің үйде бір зат бар Сақтайды онда тамақты. Болсын мейлі күз бен жаз Іші оның қатты аяз. (тоңазытқыш) Сұрақ – жауап. 1. Ой дамыту, түсінік беру. Сұлы қолмен тоқты</p>	<p>жасайды. Балалар секіру жаттығулырын ойын арқылы орындайды. Балалар белгіні естіп бір қатарға түзеледі. Тілдік мақсат: Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтижесі бойынша талқылауға қатысу - сұрақтарға жауап береді: ҰІӘ өткізілу барысы -сапқа тұрғызу -сәлемдесу 1 бөлім. Бағанда бір-бірден жүру; мұғалімнің белгісі бойынша балалар саусақтармен жүруге ауысады, қолдар бастарының артында; қалыпты жүру, қолды екі жаққа қарай ұстау; шашыраңқы жүгіріске көшу. Кезектесіп жүру және жүгіру 2 бөлім. Доппен жалпы дамыту жаттығулары.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>доп төмен. Доп жоғары, саусақтармен көтеріліп, төмен, бастапқы қалпына келеді (4-5 рет).</p> <p>2. б.қ. - аяқтың иық енінде тұруы, доп қолыңызда бүгілген қолыңызда. Алға қарай иілу, допты оңға (солға) айналдыру, түзу тұру, бастапқы қалпына келу (әр бағытта 3 рет).</p> <p>3. б.қ. - отыру, аяқтар алшақ, доп екі қолыңызда алдарыңызда. Доп жоғары, алға еңкейіп, саусақтардың арасындағы еденге тигізіңіз. Түзу, допты көтеру; бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).</p> <p>4. б.қ. - шалқасынан жатып, допты түзу қолмен бастың артында. Оң (сол) түзу аяқты көтеріңіз, доппен тізеңізге тигізіңіз. Аяғыңызды</p>	<p>бойынша аяқ тіреуі, доп төмен. Доп жоғары, саусақтармен көтеріліп, төмен, бастапқы қалпына келеді (4-5 рет).</p> <p>2. б.қ. - аяқтың иық енінде тұруы, доп қолыңызда бүгілген қолыңызда. Алға қарай иілу, допты оңға (солға) айналдыру, түзу тұру, бастапқы қалпына келу (әр бағытта 3 рет).</p> <p>3. б.қ. - отыру, аяқтар алшақ, доп екі қолыңызда алдарыңызда. Доп жоғары, алға еңкейіп, саусақтардың арасындағы еденге тигізіңіз. Түзу, допты көтеру; бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).</p> <p>4. б.қ. - шалқасынан жатып, допты түзу қолмен бастың артында. Оң (сол) түзу аяқты көтеріңіз, доппен тізеңізге тигізіңіз.</p>		<p>қосуға немесе ажыратуға болмайды;</p> <p>-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;</p> <p>-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.</p> <p>-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.</p> <p>-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.</p> <p>2.Ой қозғау Балаларды топқа бөлу.</p> <p>Бірінші топ: үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек.</p> <p>Екінші топ: Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.</p> <p>Үшінші топ: Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау</p>	<p>1. б.қ. - аяқтың ені бойынша аяқ тіреуі, доп төмен. Доп жоғары, саусақтармен көтеріліп, төмен, бастапқы қалпына келеді (4-5 рет).</p> <p>2. б.қ. - аяқтың иық енінде тұруы, доп қолыңызда бүгілген қолыңызда. Алға қарай иілу, допты оңға (солға) айналдыру, түзу тұру, бастапқы қалпына келу (әр бағытта 3 рет).</p> <p>3. б.қ. - отыру, аяқтар алшақ, доп екі қолыңызда алдарыңызда. Доп жоғары, алға еңкейіп, саусақтардың арасындағы еденге тигізіңіз. Түзу, допты көтеру; бастапқы қалыпқа оралу (4-5 рет).</p> <p>4. б.қ. - шалқасынан жатып, допты түзу қолмен бастың артында. Оң (сол) түзу аяқты көтеріңіз,</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (6 рет). 5. б.қ. - аяғы сәл алшақ, доп қолында бүгілген қолында. Қысқа кідіріспен (3-4 рет) кезектесіп, оңға және солға шеңбермен екі аяқпен секіру.</p> <p style="text-align: center;">Тыныс алу жаттығуы. Текшелерді үрлеу.</p> <p>Қозғалыстардың негізгі түрлері. 1) доптарды бір-біріне лақтыру (10-12 рет). 2. Гимнастикалық орындықта төрт аяғымен жүру.</p> <p>3 бөлім. Ашық аспан астындағы «Торғайлар мен машина» ойыны. Залдың бір жағында «торғайлар» отыратын орындықтар орналастырылған. Екінші жағынан, олар</p>	<p>Аяғыңызды төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (6 рет). 5. б.қ. - аяғы сәл алшақ, доп қолында бүгілген қолында. Қысқа кідіріспен (3-4 рет) кезектесіп, оңға және солға шеңбермен екі аяқпен секіру.</p> <p style="text-align: center;">Тыныс алу жаттығуы. Текшелерді үрлеу.</p> <p>Қозғалыстардың негізгі түрлері. 1) доптарды бір-біріне лақтыру (10-12 рет). 2. Гимнастикалық орындықта төрт аяғымен жүру.</p> <p>3 бөлім. Ашық аспан астындағы «Торғайлар мен машина» ойыны. Залдың бір жағында «торғайлар» отыратын орындықтар орналастырылған. Екінші жағынан, олар</p>		<p>керек 3. Миға шабуыл. П/Ж ойын: «Электротехника-лық тұрмыстық заттарды ажырат» Ойынның шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі. Балалар солардың ішінен эл.техникалық заттарды табу керек. Қортынды Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау.</p> <p>Ұ.О: « ханталапай » «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>доппен тізеңізге тигізіңіз. Аяғыңызды төмендетіңіз, бастапқы күйге оралыңыз (6 рет). 5. б.қ. - аяғы сәл алшақ, доп қолында бүгілген қолында. Қысқа кідіріспен (3-4 рет) кезектесіп, оңға және солға шеңбермен екі аяқпен секіру.</p> <p style="text-align: center;">Тыныс алу жаттығуы «Шар жарылды»</p> <p>Қозғалыстардың негізгі түрлері. 1. Сөмкелерді тік мақсатқа лақтыру - диаметрі 50 см, оң және сол қолмен қалқан (әдіс - иықтан) (5-6 рет). 2. Гимнастикалық орындықта жорғалап жүру алақан мен тіздегі тірекпен (2-3 рет). 3. Заттардың арасында екі аяқпен секіру, сатылы (текшелер,</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>гаражға арналған орынды көрсетеді. «Торғайлар ұядан ұшады» дейді мұғалім, ал «торғайлар» балалар орындықтардан секіреді (биіктігі 20 см), әр түрлі бағытта жүгіреді, қолдарын екі жаққа көтеріп - «ұшады». Дыбыстық сигнал естіліп, «машина» пайда болады (қолында рульдік бала). «Торғайлар» тез «ұяларына» ұшып кетеді. «Автокөлік» гаражға қайта оралады. Ойын қайталанады. Бір-бірден бағанда жүру.</p> <p>Ұ.О: « Ақсүйек» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>	<p>гаражға арналған орынды көрсетеді. «Торғайлар ұядан ұшады» дейді мұғалім, ал «торғайлар» балалар орындықтардан секіреді (биіктігі 20 см), әр түрлі бағытта жүгіреді, қолдарын екі жаққа көтеріп - «ұшады». Дыбыстық сигнал естіліп, «машина» пайда болады (қолында рульдік бала). «Торғайлар» тез «ұяларына» ұшып кетеді. «Автокөлік» гаражға қайта оралады. Ойын қайталанады. Бір-бірден бағанда жүру.</p> <p>Ұ.О: « Арқан тартыс» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</p>			<p>түйреуіштер) (2-3 рет).</p> <p>3 бөлім. Ашық аспан астындағы «Торғайлар мен машина» ойыны. Залдың бір жағында «торғайлар» отыратын орындықтар орналастырылған. Екінші жағынан, олар гаражға арналған орынды көрсетеді. «Торғайлар ұядан ұшады» дейді мұғалім, ал «торғайлар» балалар орындықтардан секіреді (биіктігі 20 см), әр түрлі бағытта жүгіреді, қолдарын екі жаққа көтеріп - «ұшады». Дыбыстық сигнал естіліп, «машина» пайда болады (қолында рульдік бала). «Торғайлар» тез «ұяларына» ұшып кетеді. «Автокөлік» гаражға қайта оралады. Ойын қайталанады. Бір-бірден бағанда</p>
--	--	---	--	--	--

					жүру. Ұ.О: « Көкпар» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)
--	--	--	--	--	--

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Тосын сәт. АҚТ технол жұмыс. Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен кеме капитанымын. Атым Марат. Менімен бірге Қара теңізге саяхатқа баруды ұсынамын. Балалар саяхатқа барған ұнай ма? Ия. (мұнда желдеткіш қосып, теңіз дыбыстарын қоюға болады) Капитан: -Сендерге қызық болсын деп өзіммен бірге көрмені алып келдім.. Міне, қараңдар - Балалар, бұл не?</p>	<p>Қызығушылықты ояту Жұмбақ шешу 1. Жер бетінде бір шықпас, Су түбінде тұншықпас Сөйлемейді, үндемейді. Пісірсе оны кім жемейді. (Балық) 2. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды. (Балық) Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс -Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен</p>	<p>Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Балық туралы түсінік беру. Сендер балық аулауға барғыларың келеді ме? Ендеше көлге саяхат жасайық. Саяхатты хабарлау. Таза ауа жұтамыз. Өзен көлді аралап Балық аулап қайтамыз. Міне балалар көлге келіп жеттік. Тосын сәт. - көлдің арғы бетінде кімді көріп тұрсыңдар? балықшы атайды. Атайға бару үшін қандай көлік таңдаймыз? -Дұрыс, кемеңі таңдаймыз</p>	<p>Таңғажайып сәт. Педагогтың ұялы телефоны шырылдайды. Алоо - Сәлеметсіздер ме балалар, мен су патшасымын. Сендер су астындағы жануарлар, жәндіктер туралы көп біледі екенсіңдер. - Ендеше, сіздер теңіз әлемі туралы не жасай аласыңдар? Педагог: я су патшалығы біздің балалар суретті өте керемет салады. Біз сізге салған суретімізді суретке түсіріп, телефон арқылы жібереміз. Ой дамыту. Балықтар қайда тіршілік</p>	<p>Менің сүйікті бұрышым Ертегілер еліне саяхат бұрышы. Алтын балық еретегісін түсіндіру. Тосын сәт. Хат келу, оқу. Құрметті балалар мен алтын балықпын маған көмек керек. Байқаусызда теңізге құлап, үйіне аквариумына дейін өздігінен жүзе алмайтын алтын балық бізге бізден көмек сұрайды. Біз оған көмектесуге тырысуымыз керек. Балалар,біз су патшалығына саяхатқа барамыз ба? Сендер ертегіні тыңдадыңдар, онда</p>
---	--	---	--	--	--

	<p>Біз не істейміз? Оның не екенін қалай білуге болады? Жарайды, бізде қажетті кітаптар жоқ. Өзіммен бірге түсірген видеоны тамашалайық. Ой дамыту. АҚТ технологиясымен Слайд. Балықтар туралы түсінік беру. Бұл балықтар Балықтар қандай? Әр түрлі Балалар, қарандаршы, қандай үлкен кеңістікті су алып жатыр. Мұның бәрі өзендер, теңіздер, ... Ал балықтар барлық жерде өмір сүреді. Қайсыларың балық аулауға бардыңдар? Қандай өзен балықтарын білесіңдер? Балалар, балықтың бәрі керемет. Олардың пішіні мен түсі әртүрлі.</p>	<p>тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді. Балықтың пайдасы? -Балықтың мойынан қажетті бірнеше түрлі дәрумендер алынады. -Қабыршағынан інжу жасалады. -Мойынан ыстыққа төзімді бояулар дайындалады. -Акула терісінен егеу дайындалады. -Акула бауырынан дәрі жасалады. -Балықты қолдану арқылы бауыр ауруларының алдын алуға болады. Аквариумдағы балық күтімі. Аквариумды күн сайын ұқыпты түрде күту керек, Алдымен аквариумға су құямыз, сосын түбіне құм себеміз. Енді аквариум өсімдіктерін отырғызу. Саусаңымызбен үңгір қазып алып, оған</p>	<p>-Балықшы атайға келу -Сәлеметсіңдер ме балалар? Балалар балықшы атайдың қолында не бар? Бұл қармақпен не істейді? -Дұрыс балалар, балық аулайды. Ал сендер де ұстап көргілерің келеді ме? -Ендеше, менің сұрақтарыма жауап берсеңдер, мен сендерге қармағымды беремін. 1- сұрақ: Табиғат нешеге бөлінеді? 2-сұрақ. Балық табиғат-тың қай бөлігіне жатады? Су ше? Сергіту сәті Біз жүземіз оң жаққа, Біз жүземіз сол жаққа, Шоршимыз көл астында, Ыршимыз көл бетінде Тұңғиыққа батамыз, Тәтті ұйқыға жатамыз Балықшы атай:</p>	<p>етеді? (суда, теңізде, көлде, мұхит және де аквариумде) Балықтардың түрі өте көп Балықтардың дене бітімі қандай пішінге ұқсас екен? - Сопакша. - Балықтардың мынау несі? - Басы. - Басында желбезегі болады. (Көрсету, қайталау) - Олар осы желбезегі арқылы дем алады. Ал денесінде нелері бар екен? - Қабыршақтары. - Дұрыс айтасыңдар. Ал денесіне жалғасқан мынау не екен? - Құйрығы. - Денесінің арқасындағы, бауырындағы жүзбе қанаттары.(Қайталау) Осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады Сөздік жұмыс:</p>	<p>алтын балық тілекті орындайды, бірақ біздің саяхатымызда біз керісінше басқа алтын балыққа көмектесеміз. - Біздің балықтардың үйіне жүзіп келуіне көмектесетін бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек. 1- тапсырма: Дид ойын: «Не қайда тұрады?» Шарты: : Балық бейнеленген суреттерге қарап, теңіз, өзен, аквариум, балалар суреттерді дұрыс орналастырып, өз мекеніне жапсыру керек. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, тапсырманы орындадық, осы уақытта сіздердің көмектеріңізбен</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>Балалар, маған суреттерді жинауға көмектесіңдер. Дид ойын: «Балық жинау» Бірақ алдымен 2 командаға бөлінеміз: 1-топ тіктөртбұрышты суреті бар мольбертке өзен балықтарын жинайды, ал 2-топ сопақ суреті бар мольбертке теңіз балықтарын жинайды. Жарайсың, сендер бәрін жақсы орындадыңдар. Релаксация «Теңіз жағасында ұйықта» (тыныштық музыка естіледі). (Балалар кілемде ыңғайлы қалыпта жатады). Барлығыңның армандарың бір. Сіз мөлдір көк суы бар теңізді көресіз, оның қалыңдығы арқылы сіз су асты әлемін көре аласыз: балдырлардың, теңіз тасбақаларының, бөтен балықтардың</p>	<p>өсімдіктің тамырын бекітеміз. Балықтарға ыңғайлы мекен қалыптастыру үшін, аквариумға балықтарды жібереміз. Күн сайын аквариумға назар салып қараған дұрыс. Балықтар теңселмей бірқалып-ты жүзеді, денесінде ешбір дақ болмайды. Тамақты таңертең және кешке берген дұрыс. Сергіту сәті: Әуенмен « Балықтар» биін билейді. Күтім түрлері Кезеңдік күтім: Аквариумдағы өсімдіктерді күтіп, суды ауыстырып отыру кезеңдік күтімге жатады. Мерзімдік күтім: Көктем мен күзде жасалуы. Көктемде жарық бергіш құрал мен жылытқыш құралдың күшін төмендетіп,</p>	<p>Балық туралы ертегі тыңдағыларың келе ме? Ертегі тыңдау. Бұл ертегі “Мұз астындағы ұйқы” деп аталады. Қыстың алғашқы аязынан кейін көлдің бетін айнадай жылтыр мұз басты. Мұз әлі жұқа болғанымен, күн сәулесін көлегейлеп, су асты күңгірт тартты. Бұрын мұндайды көрмеген жас сазандар су астының күңгірт тартқанына абыржып қалды. Мұны байқаған кәрі сазан түсіндіріп жатыр: Жыл сайын осылай болады. Біраздан кейін мұздың үстін қар басады да, мүлде қараңғылық орнайды. Міне балалар қазір балық-тар мұз астында ұйықтап жатыр. Мен мына қармағымды сендерге сыйға беремін Күн жылып, мұз ерігесін осы жерге</p>	<p>желбезек, қабыршақ, жүзбе қанат Сергіту сәті: Кәне балалар тұрамыз Бойымызды жазамыз Балықтарға ұқсап біз Жүзіп- жүзіп аламыз. Сонымен балық сусыз қалса өліп қалады екен Шығармашылық бұрыш. Дид ойын: «Теңіз әлемі» 1- топ: Балауыз шамды пайдаланып, әр түрлі бейнені салу, салынған бейненің үстін көк субояқ. гуашпен бояу арқылы теңіз әлемін бейнелеу. 2-топ: Теңіз әлеміне балықтар жапсыру. Дайын болған суреттерді өзара талдау. Дид ойын: «Біздің</p>	<p>алтын балық аквариумға дұрыс жол тауып, өз үйіне қарай жүзіп келеді. -Бірақ балыққа өз үйіне кіргенше көмектесу үшін мына тапсырманы орындауымыз керек. Қазір біз ойын ойнаймыз, Дид ойын: «Балық туралы не білеміз» деп аталады. -Балықтар қайда мекендейді? (аквариумда, тоғанда, өзенде, көлде, теңізде) Балықтың денесі немен жабылған? (қабыршақпен) Балықтар суда қалай қозғалады? (қанаттар мен құйрықты пайдалану арқылы) Балықтар немен тыныс алады? (желбезекпен) Теңізде тіршілік</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>ерекше сұлулығын. Бірақ теңіз суында алтын қабыршақтары жарқыраған балықтар жүзеді, айналады, үйір ойнайды. Тыныштық оларды таң қалдырады! Балық, балық, ұйықта!</p> <p>Викторина өткізу Ал енді білеміз, бүгін кім ең зейінді болды? -Балықтар қайда мекендейді? - Қандай ғажайып балықтарды білесіңдер? Сіздің есіңізде көбірек не қалды? Бүгін біз не үйрендік?</p> <p>Рефлексия Сізге белсенділік ұнады ма? «Иә» болса, шапалақтаңыз, «жоқ» болса, тепкілеңіз</p> <p>Рақмет сізге. Сендер керемет достарсыңдар! Біздің саяхатымыз аяқталуға жақын. Менің сендерге сыйлығым бар. Сендер</p>	<p>кұралдарды жуып тазалап, ескі өсімдіктерді жоямыз. Ал күзде аквариумды қысқы тәртіпке ауыстырамыз.</p> <p>Балықтардың көбеюі: Балықтар уылдырық арқылы көбейеді. Уылдырықты көп шашатын балықтар – сазан, шортан, көксерке.</p> <p>Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары: балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады</p> <p>Шығармашылық бұрыш: «Аквариум балықтары»</p> <p>Шарты: Балаларды топқа бөлу арқылы</p>	<p>келіндер сол кезде балық аулап көресіңдер. Балықшы атаймен қоштасу.</p> <p>Сау болындар Саяхаттан қайту. Топқа келу.</p> <p>Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>	<p>көрме» Балалардың суретін Телефонға түсіру.Су патшалығына жіберу.</p> <p>Тәрбиеші: Телефон соғу. Су патшасы біздің балалар өз жұмыстарын сізге сыйға тартып жіберді. Телефон шырылдау.</p> <p>Су патшасы: Балалар жарайсыңдар, сендер біздің теңіз жәндіктері туралы білетіндеріңді көрсеттіңдер. Маған өте ұнады.</p> <p>Су патшасы: Маған өте ұнады. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>ететін балықтар қалай аталады? (теңіз балықтары) Тұщы суда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (тұщы су) Аквариумда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (аквариум) Балықтың жануарлардан қандай айырмашылығы бар? (жерде қозғала алмайды, табандары жоқ) - Адамдар балықты қалай ұстайды? (торлар, қармақ) Балық аулайтын адамды қалай атайды? (балықшы) Тәрбиеші: сендер балық туралы көп білесіңдер, жақсы жұмыс жасадыңдар, алтын балық үйіне жақынырақ жүзіп кетті.</p> <p>Сергіту сәті.</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>ата-аналарыңа балық туралы айта алуларың үшін мен сендерге мына бояу парақтарын беремін. Рахмет балалар. Келесі кездескенше. Қортынды Балаларды мадақтау.</p>	<p>аквариум балықтарын суреттеу. 1-топ: Аквариум құрастыру. 2-топ: Аквариумге балықтар жапсыру. 3-топ: Балықтарға жем мүсіндеу. Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>		<p>Музыкамен Тәрбиеші: Барлығы жылынып, демалды, ал енді балалар, сендерге тағы бір тапсырма бар. Дид ойын: «Суретті жина» Шарты: бөлінген суреттерді құрастыру керек. - Жарайсыңдар, барлығы орындады, алтын балық біздің көмегіміз үшін өте риза, бірақ біз саяхатымыздағы соңғы тапсырманы орындауымыз керек. Біз сендермен шағын тәжірибе жасаймыз. Дид ойын: «Алтын балық» Шарты: Бояулардың көмегімен ақ балықты «алтынға» айналдыру. Практикалық жұмыс. Балалар сызбалары бар парақтарды түсті</p>
--	--	--	--	--

				<p>суға түсіреді, педагог балалардың мұқият жұмыс істеуі үшін бақылайды. Қажет болған жағдайда жеке көмек көрсету.</p> <p>Тәрбиеші: бүгін біз жақсы жұмыс жасап, алтын балыққа көмектестік. Көмегіміз үшін рақмет айтты. Алтын балық қарны ашқан секілді, оған жем жасап беріп қуантайық.</p> <p>Дид ойын: «Балықты жемдейміз»</p> <p>Шарты: Ермексازдан әр түрлі түсті жем жасау.</p> <p>Қортынды -Бізге неден хат келді? -Алтын балық үшін не істеу керек еді? балаларды мадақтау,</p>
Серуенге дайындық	Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.			

	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 15 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.	Картотека № 20 Боранды бақылау.	Картотека № 3 Суық торғайды бақылау.	Картотека № 4 Бұршақты бақылау.	Картотека № 14 Торғайды бақылау.
Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Серуен картотекасынан					
Серуенненоралу	<p style="text-align: center;">«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</p> <p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p>				
Түскіас	<p style="text-align: center;">Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</p> <p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
<p style="text-align: center;">Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</p>					
Бесінас	<p style="text-align: center;">Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</p> <p>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқару және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қимылды ойын: «Қаракүс пен балапандар» Мақсаты: жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу, көңілдерін көтеру. Ойынның барысы: Педагог тауық болып, балалар балапан болып жем теруге шығады. Бір бала қаракүс болады. Жем теріп жүргенді қаракүс ұшып келеді. Барлық балапандар тауықтың ақанатының астына жасырынады. «Қауіпсіздік ережелері» «Жедел жәрдем» Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз. Құрал-жабдықтар: «Жедел жәрдем» ойыншық машинасы. Әр түрлі жағдайларды бейнелейтін тақырыптық суреттер:</p>	<p>Қимылды ойын: «Қуыспақ» Мақсаты: балалардың көңл-күйін көтеру. Ойынның барысы: ойын 2-3 баламен ойналады. Тәрбиеші топтағы ойыншықты қолданады. Ол ойыншықтың олармен ойнағысы келетінін айтады. Тәрбиеші балаларға сендерді қазір қуыршақ немесе қонжық қуады, сендер тығылыңдар деп айтады. Балалар тығылады. Ойыншық болса тауып алып балаларды құшақтап «Міне менің досымды таптым» деп өз сезімін білдіреді. «Өрт қауіпсіздігі ережелері» «От – дос, от – жау» Мақсат. Отпен ұқыпты ұстаса пайда, абайсызда зиян келтіретіні туралы білімдерін бекіту; өрт қауіпсіздігі туралы</p>	<p>Қимылды ойын: «Не жүреді және ұшады?» Мақсаты: Өртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын: «Шарларды жина» Ойын мақсаты: балалардың шарлардың түсін, формасын айыра білуге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші жерге өртүрлі түсті шарлар мен доптарды шашып тастап, балаларға оларды жинап, қорапшаға салуды ұсынады. «Жолда жүру ережелері» «Жаяу жүргіншілер және көлік» Мақсаты: Жол ережелерін балалармен, көшеде қауіпсіз жүру ережелерін күшейту. Материал: текше, ойын алаңы, чиптер. Ойын барысы: Ойын алаңында ойыншылар чиптердің көмегімен жүретін жол бар,</p>	<p>Қимылды ойын: «Алманы жұл» Ойын мақсаты: балаларды секіруге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші алма ағашы болып тұрады, оның екі қолында алма немесе шар ұстап тұрады. Қолдарын баланың басына дейін созу - бұл желден қозғалған бұтақтар. Балаға алманы үзіп алуын ұсынады.</p>
---	---	---	---	---	---

	<p>адам төсекте термометрді қолымен ұстайды; көгерген бала; көшеде құлап қалған қария (жүрегін тапсыру) және т.б. Ақ дәрігердің шапандары мен халаттары - ойынға қатысушылардың әрқайсысы үшін.</p>	<p>білімдерін тереңдету. Ойынның барысы. Балаларға «жамандық» және «жақсы от» бейнелері бар карталар, ойыншылардың санына сәйкес түрлі-түсті фишкалар ұсынылады. Ойыншылар отырған үстелдің ортасында отты бейнелейтін суреттер жатыр. Балалар кезек-кезек жауап береді, қандай жағдайда от жамандыққа зиян келтіреді, ал қай жағдайда от жақсы адамдарға пайда мен қуаныш әкеледі. Жауап дұрыс болса, ойыншы өз фишкасын сәйкес жақсы немесе жаман оттың суретіне қояды.</p>		<p>олардың жолында белгілер түрінде кедергілер бар. Осы кедергілерге жету арқылы ойыншы қайта оралады. «Жаяу жүргіншілер өткеліне» шыққаннан кейін ойыншы қызыл көрсеткі бойымен алға жылжиды. Мәреге бірінші жеткен адам жеңеді.</p>	
<p>Балалармен Жеке жұмыс</p>	<p>«Өнерлі бала өрге жүзер» Баланың дарындылығын аңғара отырып, жеке баламен жұмыс жүргізу.</p>	<p>Саусақ ойын. «Саусақты демалту» Саусағымыз шаршады, (қолдарын үстел үстіне қояды) Демалуды қалады. (ары</p>	<p>Дид ойын: «Шарларды өз себетіне жинаймыз» Шарты: балалар шашылған шарларды өз түстерімен себетке</p>	<p>Дид ойын: «Күннің шуақтары» Шарты .балалар фетрден жасалған күнге шуақтарын жапсырады.</p>	<p>Дид ойын: «Ойыншықты табайық?» Шарты: Құм ішінен ойыншықты іздейді. Тапқан</p>

	Айлинді жеке ән айтқызып үйреті. «Нұрын төккен анам» әні	бері қозғайды) Саусақтарды жазайық, (қолдарын көтеріп, саусақтарын жазады) Бір, екі, үш, демалтып бір алайық. (саусақтарын жазып, қайтадан жұмады)	жинайды.		ойыншықтың атауын айту. Балаларды мадақтау.
Серуенгедайындық	«Еңбегі адал жас өрен» - баланы еңбекке баулу, өз – өзіне қызмет етуге үйрету. Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека № 15	Картотека № 20	Картотека № 3	Картотека № 4	Картотека № 14
Серуеннен оралу	Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.	Боранды бақылау.	Суық торғайды бақылау. . Ұ.О: «Қыз қуу» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»	Бұршақты бақылау.	Торғайды бақылау.
Таңғы серуенді бекіту.					
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Балалардың дербес әрекеттері	Үстел үсті ойындары. Конструкторлармен ойындар . түрлі пазлдар құрастыру.	Дидактикалық ойындар. «қыс мезгілін мнемотехника арқылы әңгімелеу» Қысқы ойындар,	Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды	Әндер, Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау	Ұлттық ойындар ойнау. «шертпек ойыны» Топтық жұмыстар «мәреге жету

		қысқы еңбектерімен танысып, құралдарымен және не үшін пайдаланатынын ұқтыру.	сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру		ойыны.»
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу				
	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.